

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 8 маусым 1993 ж. N 1218. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Көптеген адам құрбандығына, елеулі материалдық ысырапқа соқтыруы ықтимал апаттағы табиғи және техногендік құбылыстардың пайда болу мүмкіндігін есте ұстай отырып, әрі халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық игілікке келетін зиянды азайту, Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын төтенше жағдайларда тұрақты жұмыс істеуге даярлау мақсатында қаулы етемін:

1. Өнеркәсіп аварияларынан, апаттан, табиғи зілзаладан туындайтын төтенше жағдайларға жол бермеу және олардың зардаптарынан келетін шығынды азайту мәселелері мемлекеттік саясат жүргізудің басым саласы деп саналсын.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының және шаруашылық жүргізуші субъектілерінің басшылары адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, экономиканың мемлекеттік секторының экономикалық әлеуетін сақтау жөнінде уақтылы шаралар қабылдамағаны үшін жеке-дара жауап б е р е д і .

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп, 1993 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде төтенше жағдайдағы алдын алу және іс-қимыл жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірлеп, бекітуге табыс етсін, онда бірінші к е з е к т е :

республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы ғимараттардың, құрылыстардың, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, мектептердің, ауруханалардың, емханалардың, адамдар жаппай келетін әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердің және басқа объектілердің сейсмикалық орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметін нығайту, оны керекті адам санымен толықтыру және қажетті техникамен, арнайы жабдықтармен, шұғыл авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған құралдармен жарақтандыру, сондай-ақ табиғи зілзала, авария және апат болған кезде халыққа медициналық көмек көрсету;

табиғи және техногендік сипаттағы ықтимал төтенше жағдайда

аудандарындағы халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз етуге кепілдік материалдық-техникалық, азық-түліктік және медициналық резервтер қорын ж а с а у ;

қауіпті табиғи және техногендік құбылыстардың қалыптасу, таралу проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді белсендірек жүргізу, оларды есептеу, болжау, алдын алу әдістерін, бақылау шараларын және халықты қорғау қ ұ р а л д а р ы н ә з і р л е у ;

қатер төнген және төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимылдың ережесі мен тәртібін үйрену жөнінде халықтың барлық санаттарының арасында кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

төтенше жағдай кезінде байланыс пен халықты хабардар ету жүйесін дереу пайдалануға тұрақты даярлықты қамтамасыз ету, оларды жаратқандыру және д а м ы т у ;

төтенше жағдайдың алдын алу және іс-қимыл жасау жөніндегі республикалық жүйені хұқықтық қамтамасыз етуге арналған заң актілерінің ж о б а л а р ы н д а й ы н д а у ;

төтенше жағдай зардаптарының алдын алуға және жоюға байланысты проблемалар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту көзделсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

2 ай мерзімде өнеркәсіптегі авариялардың, апаттардың, табиғи зілзалалардың алдын алу және олардың зардаптарын жою саласындағы шараларын қаржыландырудың және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің тәртібін ә з і р л е п , б е к і т с і н .

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының өкілеттігін ұлғайту және мәртебесін көтеру туралы ұсыныс әзірлесін.

Қазақстан Республикасының

Президенті